Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai

ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК
BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы,
Серия «Исторические и социально-политические науки»,
Series «Historical and socio-political sciences»

№2(53), 2017

Алматы, 2017

Абдуллаева А.Г. История изучения погребальных памятников Карабаха эпохи поздней бронзы и раннего железа 233
Abdullaeva A.N. To The history of studying the late bronze and early iron age burial monuments of karabakh
Аубакирова Ж.С., Уалиева С.К. Смертность населения Казахстана: историко-демографический аспект 243
Aubakirova Zh.S., Ualiyeva S.K. The mortality rate of the population of kazakhstan: historical and demographic aspect
Байгунаков Д.С. «Қоңырат» этнонимі туралы кейбір мәселелер 249
Baigunakov D.S. Some problems about the ethnonym "kongrat"
Есимова Ж.К. Изменение национального состава населения в Северных регионах Казахстана в результате освоения целины 255
Esimova Zh.K. Changes in the national composition of the population in the Northern regions of Kazakhstan as a result of the development of the purpose.
Ескекбаев Д. Б., Омаров Ғ.Қ. Алтай өлкесінің демографиялық тарихынан (XIX ғ. екінші жартысы және 1939 ж.) 259
Yeskekbayev D.B., Omarov G.K. From the history of the demography of the Altai Territory (XIX in. II half and 1939)
Жамбулатов К.А. К истории изучения памятников поздне сарматской культуры 264
Zhambulatov K. A. To history of theresearch of monuments of late sarmatian culture
Мейрманова Г.А., Солтиева Б.Ш. Этнограф ретінде маман қалыптасудағы далалық зерттеудердің маңызы 268
Meirmanova G. A., Soltyeva B. S. The role of field ethnography in training atnolol
Мусаханова М.З. Музейное описание традиционной одежды казахов, содержащих орнаментику (по коллекции Центрального государственного музея РК) 271
Mussakhanova M.Z. Museum description of kazakh traditional clothing containing ornament (based on collection of Central State museum of the Republic of Kazakhstan)
Кожа М.Б., Амантуров М.К. Новый материал о захоронениях в склепах (сагана) Казахстана 277
Khozha M.B., Amanturov M.K. New material about burials in the crowns (sagan) of Kazakhstan
Нуржанов А.А., Карибжанова Е.А. Городская цивилизация тюркских государств Жетысу 282
Nurzhanov A.A., Karibzhanova E.A. Gorodskaya tyurkskix the state of civilization zhetysu
Хасанаева Л.М., Хамитова М.М. Дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамындағы биліктің легитимділігі 291
Khassanaeva L.M., Khamitova M.M. Legitimacy of authority in traditional nomadic Kazakh society
Кулбек А. Керамический комплекс средневекового Тараза 294
Kulbek A. Ceramic complex of medieval Taraz
Өмірбекова Ж.М. Қазақтардың мал шаруашылығының этноэкологиялық аспектілері 297
Omirbekova J.M. Ethno-ecological aspects in the formation of the traditional Kazakh economy

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ
TEACHING HISTORY

Азнабакиева М.А., Машинбаева Г.Ә., Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н. Тарих сабақтарында студенттердің танымдық қызығушылығын арттыру (өлкетану материалдары негізінде) 304
Aznabakieva M.A., Mashinbaeva G.A. Nusupbaeva S.A., Ibragimova M.N. Increasing of the cognitive studentsinterest at the History lessons (Basis on Contry studies materials)

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР
ПЕРСОНАЛИИ
PERSONALITY

Ақымбек Е.Ш., Нұржанов А.Ә. Жамбыл археологиялық пунктін ұйымдастыру мен қызметіндегі г.и. пацевичтің рөлі 309
Akymbek E.Sh., Nurzhanov A.A. G.I.Patsevich's Role In The Organization And Activity The Jambyl Archaeological Point
Абзалбеков М.Я., Омаров Ғ.Қ. С.С.Черников және Шілікті алқабының зерттелу тарихы 320
Abzalbekov M.Y., Omarov G.K. S.S. Chernikov and the history of the study of the chiliktin valley

ӘОЖ 902/904 (574.4)
МРНТИ 03.81.31

Абзалбеков М. Я. [1]
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, тарих, археология және этнология факультетінің 1 курс PhD докторанты, Қазақстан, Алматы қ.
Омаров Ғ.Қ. [2]
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент, Қазақстан, Алматы қ.

С.С. ЧЕРНИКОВ ЖӘНЕ ШІЛІКТІ АЛҚАБЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Мақалада XIX ғасыр мен XX ғасырдың 1972 жылдар аралығындағы Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті алқабының зерттелу тарихы баяндалады. Мақала негізінен патшалық замандағы мәліметтер меносы өлкені зерттеуде айрықша еңбек сіңірген С.С. Черниковтың мол мұрасындағы деректік зерттеулерге және архив материалдарына сүйеніп жазылған.

Түйін сөздер: Археология, С.С. Черников, Шілікті. Тарбағатай, Шағаноба, экспедиция, ерте темір дәуірі.

Резюме

Абзалбеков Мерей Ягудович[1]
[1] PhD докторант 1 курса факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. Аль-Фараби
Омаров Г.К.[2]
[2] к.и.н., доцент, заведующий кафедры Археологии, этнологии и музеологии КазНУ им. Аль-Фараби, gany_omarov@mail.ru

С.С. ЧЕРНИКОВ И ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ЧИЛИКТИНСКОЙ ДОЛИНЫ

В статье рассмотривается история исследование археологических памятников Чиликтинской долины с конца XIX и до 1972 года XX века. С.С. Черников собрал колассалный материал источниковедческих данных и материалы предчествующих исследователей. Много материалы новые и написаны по архивным данным.

Ключевые слова: Археология, С.С. Черников, Чиликти, Тарбагатайский, Чаганоба, экспедиция, ранний железный век.

Summary

Abzalbekov Merey Yagudovich[1]
[1] PhD doctoral student 1 course of the Faculty of History, Archeology and Ethnology, KazNU Al-Farabi
Omarov G.K.[2]
[2]Candidate of historical sciences, associated professor, head of department of archaeology, ethnology and museology, KazNU, gany_omarov@mail.ru

The article examines the history of the study of the archaeological sites of the Chiliktinsky Valley from the end of XIX and until 1972 of the XX century. S.S. Chernikov collected a colossal material of source-study data and materials of the researchers. Many materials are new and written on archival data.

Key words: Archeology, S.S. Chernikov, Çïlïktï, Tarbagatayskïy, Çaganoba, expeditions, rannïy Zaliznyi century.

Қазақстанның шығысында Алтайдан оңтүстікке қарай кең алқапта Зайсан қазан шұңқыры орналасқан. Оның оңтүстігінде Тарбағатай, Сауыр жоталары бар. Тарбағатай абсолюттік биіктігі: 2991 м болатын – Зайсан мен Балхаш-Алакөл қазан шұңқырлары арасындағы су айрық жота. Ендік бағытта батыстан шығысқа қарай 300 км-ге созылып жатыр, ені 30-50 км аралығында, шығысында Сауыр жотасына ұласады. Климаты континенттік. Жылдық жауын-шашыны 300-500 мм. өсімдік және жануарлар дүниесі жағынан Алтайға ұқсас. Етегіндегі шөлейтте жусанды бетеге, бұта, тау аралық аңғарда тау шалғыны және көк терек, жабайы алма, тобылғы, арша, солтүстік беткейінде тал басым өседі. Жоғарғы бөлігіндегі альпы шалғыны – жазғы жайылым [1, 105-107]. Бұл аймақ еліміздің Алтай тау жүйесін, оған жалғасып жатқан далалық жазықты климатты үлкен өнірді алып жатыр. Кең өрісті жайылымдарға, тарам-тарам өзендерге, табиғи қазба байлықтарға: металл кендеріне, ағаш-орманға өте бай және шаруашылықтың қай саласына болсын өте қолайлы өлке. Көне дәуір кезінен климаты, фауналық-флоралық дүниесі қазіргі кезге сай келген. Осы өлкенің физико-географиялық жақсы жағдайы ықылым заманнан алғашқы адамдардың өмір сүруіне қолайлы болған.

Шілікті алқабы – кең жазықта орналасқан. Алқаптың солтүстігін тұтастай иіле оңтүстік-шығысқа қарай сәл бұрыла Маңырақ таулары көмкерген. Ескі тарихи жылдардағы Қозы Маңырақ, Қой Маңырақ таулары – осылар. Шоқтығы биік Сауыртау алқаптың солтүстік шығыс бұрышын түзеген.

Шығыс Қазақстан аумағына келетін археологиялық ескерткіштер жайлы алғашқы ескертулер орыс шаруаларын Сібірдің «бос жерлеріне» көшіру кезеңіне сай келеді және кезейсоқ табылған

заттармен немесе XYII ғасырдың екінші жартысында қорғандарды («дөң») тонаумен байланысты болды.

I Петрдың «Сібір коллекциясын» құру туралы жарлығына сәйкес XYIII ғасырдың басындағы бұл олжаларды сақтап қалу мақсатында жасалған алғашқы әрекеттерден соң Сібірге Д.Г. Мессершмидт (1721 ж.), одан кейін құрамында Г.Ф. Миллер мен И.Г. Гмелин қатысқан бірінші және екінші академиялық экспедициялар аттана бастады. Г.Ф. Миллер бастаған Бірінші Академиялық экспедицияның (1733-734 жж.) құрамында Сібірге сапарға аттанып, Шығыс Қазақстанның (Жоғарғы Ертіс өңірі) аумағын да зерттеді, археологиялық ескерткіштерді есепке алды және Өскемен мен Семей облыстары маңындағы қорғандарға қазба жұмыстарын жүргізді [2, 472-507; 3, 3].

Екінші Академиялық экспедицияның (1768-1774 жж.) құрамында болған И.Г. Гмелин мен Х.Барданестің жұмыстарында Семей облысының қорғандары мен обалары туралы аз да болса деректер кездеседі [4, 9].

Біздің жыл санауымызға дейін VIII-VI ғасырларда Шілікті алқабын аса қуатты билеушілер әулеттері мекендеген. Бұл құбылыстың материалдық белгісі – сақ заманының алып қорғандары, олардан табылып жатқан алтынды жәдігерлер. Өлкеде сақ-үйсін заманының да ескерткіштері мол. Шілікті даласының ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер С.С.Черниковтың жазуы бойынша, «Томские областные известия» журналының 1869 жылғы №29 санында жарық көрген», сондай-ақ Шілікті болысының 1879 жылғы деректерінде келесі фактілер келтірілген: «Шілікті жазығында Маңырақ жотасынан Тарбағатай жотасына дейінгі алқапты кесіп өтетін қорғандар қатары бар, сонымен қатар Шағаноба маңында да шұңқыр және тастары бар екі қорған бар...» [5, 10-11].

С.С. Черниковтың жұмыстарында сонымен бірге Шілікті жазығындағы ескерткіштер туралы жазбалар «Сібір газетінің» 1881 жылғы №9 санында жарияланғандығы туралы айтылады. Шілікті жазығындағы ескерткіштерге деген қызығушылық себебінен 1889 жылғы Императорлық археологиялық комиссияның Семей статистикалық комитетінің мүшелері – осы жердің азаматы саналған Н.В. Новопашенный мен дәрігер Г.И. Гизлерге Семей облысының Өскемен және Зайсан уездеріндегі қорғандарды қазуға құқық беретін рұқсат қағаздар бергендігін де айта кеткен жөн. Бірақ, қазба жұмыстары жүргізілмегендіктен Н.В. Новопашенныйдың Өскемен және Зайсан уездеріне шыққандығы туралы мәліметтер болса да, Н.В. Новопашенный сапарының бағыты Шілікті жазығы ескерткіштерімен қаншалықты байланысты болғандығын дөп басып айту мүмкін емес [6].

1896 жылы Семейлік өлкетанушы В.П. Никитин «Краткое описание памятников древностей Семипалатинской области» еңбегінде «Шілікті жазығында солтүстіктен оңтүстікке қарай, яғни Маңырақтан Тарбағатайға дейін мөлшермен 70-ке тарта қорғандардың тізбегі бар, олардың 20-сы үлкендігімен бірден көзге түседі. Барлық қорғандар бір сипатта: үйінділер төбесінде ойық тәрізді шұңқыры бар, ал айналасы бірнеше қатар тастармен қоршалған» – деген дерек береді [7, 23-24; 8,104].

Шіліктінің ежелгі ескерткіштеріне деген қызығушылықтың келесі бір дерегі 1899 жылы А.П. Плаховтың Императорлық Археологиялық Комиссияға «Зайсан уезінің Новочеркасск кен орнынан табылған түйіршіктермен және ұяшықтармен безендірілген алтын пластинканы» сыйға тартуына байланысты. Сурет бойынша айтар болсақ, пластинка қандай да бір заттың бөлшегі. Бұл зат түйіршіктерді дәнекерлеу техникасымен жасалған деп болжам жасауға болады және ол белгілі бір деңгейде №5 Шілікті қорғанынан табылған белдік құрсауын еске салады. Табылған зат С.С. Черниковтың жазбасы бойынша, Мемлекеттік Эрмитажға тапсырылған.

1901 жылы Шілікті жазығы мен ондағы қорғандардың сипаттамасымен хат дайындалған. Бұл деректерге С.С. Черников та жүгінеді. Сондай-ақ А.П. Плаховтың ешқандай да қазба, зерттеу жұмыстарын жүргізбей бөлінген қаржыны алып, ізім-қайым жоғалғандығы жөнінде де деректер бар. [5, 10-11].

Шілікті жазығы ескерткіштері жайлы толық сипаттама семейлік басқа өлкетанушы, 1903 жылы шыққан археологиялық ескерткіштердің кең көлемді тізімін құрастырған Н. Коншинға тиесілі. Н. Коншин зерттеулерімен байланысты деректерді келтіре отырып С.С. Черников: «...соңғы, болыстық старшындардың сауалнамаларына сүйене отырып Шілікті жазығында 72 пунктте 1675 қорған бар деп көрсетеді. Бұл деректер асыра сілтенген...» – деп ой қорытады [5, 10].

1904 жылы Императорлық Археологиялық комиссияның Батыс-Сібір Орыс Географиялық қоғамы Семей бөлімшесіне Семей облысы Зайсан уезінде қазба жұмыстарын жүргізуге рұқсат беретін ашық қағаз береді. Осы ашық қағаз бойынша 1909 жылы жазда Батыс-Сібір Орыс Географиялық қоғамы Семей бөлімшесі комитетінің 1912 жылдың 7 наурызындағы жарлық хатын-

да жарияланғандай Семей көші-қон партиясының гидротехнигі Г.И. Бокий «Семей облысы, Зайсан уезі, Шілікті жазығындағы ең үлкен қорғандардың бірінде» қазба жұмыстарын бастағанын көрсетеді. С.С. Черниковтың ойынша Г.И. Бокий қазған қорған – Шағанобадағы үлкен қорған. Алайда,1909-1910 жылдарда Шағаноба қойнауында Глеб Иванович Бокий қазған жүргізген қорған ағаштан салған қима қабірханаға жеткен кезде қазба қабырғалары екінші қайтара құлап кетуіне байланысты зерттеу жұмыстарын тоқтатқан. Бұдан соң зерттеулер кеңес заманында, 1940-1950 жылдан соң ғана жалғасын тапты және алғаш рет шын мәніндегі археологиялық зерттеулер жүргізілді [9].

С.С. Черников 1935-1937 және 1947 жылдары Ертістің жоғарғы ағысын бойлай барлау жасаған еді. Ерте темір дәуіріне жататын тас пен топырақ үйінділі түрі қорғандар археологты қатты қызықтырды. Ескерткіштердің жергілікті және мерзімдік ерекшеліктеріне аса мән берген С.С. Черников 1949 жылы Тарбағатай, Шыңғыстау тауларында барлау жасап, осы маусымнан бастап бес обалар тобынан тұратын атақты Шілікті аңғарында қазба жұмыстарын жасайды. Обалардың малдың қысқы жайылымына қолайлы жерде орналасатын заңдылығы да ғалымның назарынан тыс қалмайды. Дөңгелете қазылған терең емес шұңқырдан шығып жатқан коридордың бөренемен жабылуын, осы рәсімнен кейін жұмыртас пен саз топырақ аралас үйінді тұрғызған шіліктіліктердің жерлеу әдісі Алтай тайпаларымен емес, тек оңтүстік-батысқа ұқсас екендігін де аңғарады.

Алғашқы рет 1949 жылы Шығыс Қазақстандық КСРО ҒА Ленинград Археология Институтының бөлімі экспедициясы Шілікті даласында арнайы археологиялық барлау жүргізді [10]. Қазба жұмысының нәтижесінде Шілікті ауылында 51 қорғаннан тұратын сақ дәуіріне жататын ең үлкен обалар тобы ашылды. Оның солтүстік батысынан оңтүстік шығысқа дейінгі алып жатқан көлемі 8 км. Соның ішіндегі 13 қорғанның диаметрі 100 м, ал биіктігі 8-10 м. Қалған қорғандардың диаметрі 20-дан 80 м дейін жетеді. Осы жердегі орталық қорғанынан б.з.д. Y ғасырдың екінші жартысына жататын хайуанат стилінде жасалынған алтын қапсырма және тағы да басқа материалдар тапқан. Бұл экспедиция 1952, 1961-1962 жылдары да қазба жұмыстарын жүргізген, бірақ аса бағалы бұйымдар болмады [11].

1959 жылғы археологиялық экспедицияның алдына қойған мақсаты ШҚО Тарбағатай ауданындағы Шілікті және Шаған оба қорымында нақтылай зерттеу жұмыстарын жалғастыру болды [12]. Шілікті жазығының орталық бөлігінде орналасқан диаметрі – 80-100 м, биіктігі – 12 м-ге дейін үлкен қорғандардың төртеуі сол жылы қазылды. Табылған заттарға қарап Шілікті-1 обаларын б.д.д.V-IV ғғ. мерзімдеген. Шілікті ауылынан 30 км шығыста Шағаноба өзені бойында, шығысы және батысынан таулармен қоршаған жазықта орналасқан қорымдағы 14 шағын топырақ пен тас аралас қорғанға қазба жүргізіліп, малта тастан қаландысы бар құрылысқа (№ 11) барлау мақсатында траншея салынған. Оның шығысындағы үш қорған ірілігімен ерекшеленеді, оның біреуінің (№1) диаметрі – 95 м. Тоналған қорғандардан 2 ұңғылы сүйек, 5 темірден жасалған жебе ұштары, тас қайрақ сынығы, сабы бар темір пышақ, қапсырмалы тесігі бар 16 темір қаңылтыр, анықталмаған үш темір пластинкалар, темір тілі бар екі қола айылбас және белдіктің фигуралы қоладан жасалған басы табылды. Табылған заттарға қарап бұл қорым б.д.д. VI-Vғғ. жататын ескерткіш деп мерзімделген [13].

1959 жылғы зерттеу жұмыстарында ерекше қызығушылық туғызатын жайт Шілікті қорымындағы №11 қорғаннан ит қаңқасының адам жерленген қабірден шығуы. Шығыс Қазақстанда алғаш рет С.С. Черников 1948 жылы Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданы Баты селосы маңында жерлеу ғұрпында адамммен бірге ит сүйегі қоса қойылған Баты ескерткішін зерттеген болатын [14; 15].

Үлкен олжаға кенелткен 1960 жылғы Шілікті қорымындағы №5 қорғаннан табылған олжалар болды. Бұл қорған теңіз деңгейінен 1300-1500 метр биікте жатқан Маңырақ және Тарбағатай тауларының арасындағы Шілікті жазығынан табылған обаның құрамына енетін. Аталмыш жазықтың табиғи-климаттық жағдайы мал шаруашылығымен айналысуға өте қолайлы: қысы жұмсақ, қары жұқа, шөбі шүйгін, суы мол. Бұл жер, шамасы, көшпелілердің қыстауы болса керек.

Шіліктідегі оба әжептеуір үлкен, ондағы қорғандардың саны 51-ге жетеді. Олардың ішінде диаметрі 100 м, биіктігі 8-10 м болатын ірі-ірі 13 қорған бар. Мұндай үлкен қорғандар әдетте әлеуметтік дәрежесі жоғары – сақ көсемдеріне, ақсүйектерге арналып тұрғызылады.

Кереметтей тарихи заттар табылған 5 нөмірлі қорғанның диаметрі – 66 м, ал сақталған биіктігі – 6 м. Сақ ақсүйектерінің өкілдерін жерлеу үшін 1м тереңдікте ағаш бөренелерден тікбұрышты құрылыс салынған. Ол бөлменің кеңдігі 4,80 х 4,60 м, биіктігі 1,20 м. Бөренелер ең кем дегенде 40 шақырымдай қашықтықтағы Сауыр тауынан жеткізілген. Ол жақта балқарағай орманы күні-бүгінге дейін сақталған.

Бөренелердің арасындағы қуыстар уатылған таспен бекітіліпті. Бөлменің шығыс жақ бетінен ені 2 м, тереңдігі 1 м болатын дәліз жол қазылған. Бұл жолмен көсемнің мәйітін қабірханаға алып кіретін болған. Мерекелік киім кигізіп, қару-жарағын тағып, ыдыс-аяқтары мен ас-ауқатын да бірге ала келіп, марқұмның денесін жонылған жуан тақтайлардан жасалған еденге әкеліп қойған. Сол замандағы жерлеу салты бойынша марқұмның басы шығысқа қаратылып, шалқасынан жатқызылған. Әзірге толық анықтала қоймаған, бізге беймәлімдеу салт-жоралғыларын жасағаннан кейін олар қабірхананы қалыңдығы 1-1,2 м болып келетін уатылған тастармен көмген. Содан соң ол тастардың үстіне диаметрі 40 м, биіктігі 5 м болатын саз балшықтан қорған соққан. Оның сыртын майда қиыршық тас араласқан топырақпен, бетін ақ тастармен көмкерген.

Қорғанның табанынан ірі-ірі уатылған тастарды үш қатар етіп төсеген, бұл үйіндінің сырғып кетуіне тосқауыл болумен бірге марқұмды бұл дүниеден бөлектеп те тұрғандай. Өкінішке орай, бұл қорған бағзы заманның өзінде-ақ тоналған екен. Өйтсе де, ондағы сақталып қалған заттар ежелгі Қазақстан тарихын зерттеуде ғана емес, жалпы далалық Евразия белдеуінің көне тарихын зерттеуде де аса маңызды рөл атқарады. Сондықтан да өз уақытында олар ғылыми қауымдастықтың үлкен қызығушылығын туғызды. Бүгінде Шіліктідегі нөмірі 5-ші қорғаннан табылған тарихи заттар РФ Мемлекеттік қорында сақталуда. Археологтарға жеткен жәдігерлерді ыждағаттылықпен тізімдеген С.С. Черников барлығы 524 алтын бұйымды тіркеді. Үш жүзден астамы, алайда, ұсақ тесікшелер (бисер) және кейбір зат сынықтары мен фрагменттері болған. Аң бейнелі стильмен жасалған көлемді алтын әшекейлер – 59 (29-қабылан, 14-бұғы, 9-бүркіт, 5-қабан, 1-балық, 1-құс). Олардың қатарына 13 қола жебенің ұшын жатқызуға болады. Зерттеушілер қорамсақтың қалыңдығына қарап, оның бұғының немесе жылқының терісінен жасалғанын анықтады. Осы қазба жұмыстарын жүргізген С.С. Черников бұл қорамсақ жерлеу салтына сай арнайы жасалған деген тоқтамға келген.

Жебе ұштарының жасалу тәсіліне қарай қорғанның біздің д.д. VII-VI ғасырларда тұрызылғаны анықталды. Алайда скиф-сібір мәдени-тарихи қауымдастығының ескерткіштерін зерттеудің соңғы жылдардағы нәтижесі Шіліктідегі №5-ші қорғанның тұрғызылу мерзімін одан да арыға, біздің д.д. VIII ғ. соңы мен VII ғ. басына қарай жылжытып отыр. Осыған ұқсас жебе ұштары былтырғы жылы Тарбағатай теріскейінде Шілікті қорымынан шамамен 200 км жерде Елеке сазы қорымынан табылған.

№5-ші қорғаннан табылған заттардағы жан-жануарлардың суреттері бізге белгілі скиф-сібірлік аң стилінде салынған, және олар ежелгі өнер туындыларының ең озық үлгілері болып табылады. Әсіресе бұғы бейнесі салынған қаңылтырлар ерекше көзге түседі. Олар ылғи да бір қырынан оңға қарап тұрады. Аяқтары бауырына жабысып, мүйіздері арқасына қарай қайырылған. Ал көз, құлақ орнына бірюза қондырылған. Бұлар шартты түрде «ұшатын бұғылар» деп аталады. Скиф-сібірлік өнер әлемінің шығыс аймақтарында кездесетін бұғы бейнелерінің кейбір бөлшектері батыстағы өнерден өзгешелеу. Бұғы бейнесінің мұндай трактовкасы ежелгі көшпелілер өнерінде кең тараған.

Қорғандағы жерлеу рәсімнің ерекшеліктері бұл құрылысты біздің д.д. 1-мыңжылдықтың басында Шығыс Қазақстан аумағында өмір сүрген көшпелі сақ тайпаларының бірі тұрғызған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. №5-ші қорғанның көлемі, тоналғаннан кейін де қалған алтын бұйымдардың, марқұмның киіміндегі, қару-жарағындағы әшекейлердің молдығы мұнда көшпелі сақ ақсүйегі, көсемі жерленген деген болжам жасауға негіз бола алады. Шілікті жазығындағы бұл қорған ежелгі көшпелілерден қалған Майемер, Зевакино, Бесшатыр, Берел, Есік, Тасмола ескерткіштері секілді олардың өте жоғары дамыған мәдениетінен, ертедегі мемлекеттік құрылымның күрделі жүйесінен хабардар етеді. Шамасы, бұл жерде сақ тайпаларының этно-мәдени және этно-саяси бірлестігі орталықтарының бірі орналасса керек. Сонымен, бұл құрлыс қатты қираған күйінде ашылды. Бір кездегі тонаушылар жерленген адамдардың киіміне тігілген әшекейлерін тік салған шұңқыр арқылы тартқылап әкеткен де, бірқатар мүлік шашылып қалған.

Ж.с.д. VII – VI ғғ. мерзімделетін қорғаннан жоғары зергерлік шеберлікпен жасалғаналтын әшекей бұйымдар, солардың ішіндегі бұғы бейнелері құрбандық малын, құрбандық шалу идеясын білдірді десе, А.И. Мартынов бұғыларды топтастыруда жасалу өнеріне, бейнеленуіне қарай олардың импорттық емес, жергілікті екендігін ашып көрсетеді.

Сыртқы құрылысы №5 қорғанды қайталайтын Шілікті 1 қорымындағы №7 қорғаннан 1949 ж. қазба кезінде ж.с.д. VI – V ғғ. мерзімделетін бүркіт түріндегі алтыннан қалыпталып жасалған қапсырманың 9 данасы табылған. Басы оңға бұрыла дене сұлбасының ішкі жағына қарай кіріккен 5 бүркіт қапсырмалардың басы оңға, 4-еуінің басы солға қаратылса, ал 2003 ж. Бәйгетөбе қорғанынан табылған сом алтыннан жасалған бүркіт бейнелі қапсырмалардың барлығының басы оңға бұрылған кейіпте

бейнеленген. Алтын қаңылтыр балықтың бейнесі өте қызық, жұқа пластинкаларға перузадан көз, желбезек, құйрық және дөңгелек дән тізбектері дәнекерленіп жабыстырылған. Осы қорғаннан табылған балық пен қабан бейнелері Тывадағы ж.с.д. VIII ғ. соңы мен ж.с.д. VII ғ. жататын Аржан 2 қорғанынан табылған алтын заттардың тура аналогиясы.

С.С. Черников 1961 жылы Шілікті алқабындағы басталған зерттеу жұмыстарын 1972 жылы аяқтайды.

Қазақстан археологиясында өшпестей із қалдырған археолог-ғалым С.С. Черниковтың 2019 жылы 110 жылдық мерей тойы болады. Бұл ғалымның артындағы мол мұрасы жайлы бірнеше мақала ғана жарияланды [16; 17; 18]. Бар архив материалдарын жинақтап, ғылыми айналымға енгізу алдағы жылдардағы басты мақсатымыз болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 ҚСЭ. – Алматы: ҚСЭ Бас редакциясы, 1972. – Т.1. – 648 б.

2 Миллер Г.Ф. История Сибири. Т. III. – М.: Издательская фирма «ВОСТОЧНАЯ ЛИТЕРАТУРА» РАН, 2005. – 600 с.

3 Андреев А.И., Труды Г.Ф. Миллера в Сибири // Миллер Г.Ф. История Сибири. Т. I. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2005. – С. 66-149.

4 Археологическая карта Казахстана. Реестр. /отв. редактор К.А. Акишев. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, – 1960. – 486 с.

5 Черников С.С. Загадка золотого кургана: где и когда зародилась скифское искусство. – М.: Наука, 1965. – 188 с.

6 О раскопках действительными членами Семипалатинского областного статистического комитета – потомственным почётным гражданином Н.В. Новопашенным и врачом Г.И. Гизлером курганов в Усть-Каменогорском и Зайсанском уездах Семипалатинской области // Архив ИИМК РАН, ф. 1, 1889, д. № 66.

7 Никитин В.П. Краткое описание памятников древности Семипалатинской области // Архив ИИМК РАН, ф. 1, 1896, д. № 235, с. 23-24.

8 Никитин В.П. Краткое описание памятников древности Семипалатинской области // Известия Археологической комиссии. – СПб., 1902. – Вып. 2. – С. 103-111.

9 Омаров Ғ.Қ. Шығыс Қазақстан ерте темір дәуірі ескерткіштерінің егемендік алғанға дейінгі зерттелу тарихы // Каспий – Арал өңірінің тарихи-мәдени мұралары. Халықаралық ғылыми - практикалық конференция матиериалдары. – Ақтау, 2007. – 1 бөлім. – Б. 263-269.

10 Черников С.С. Отчет о работе Восточно-Казахстанской археологической экспедиции за 1949 г. / 1-вариант / Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана. – Фонд 11, дело 176, связка 13. – 34 с

11 Омаров Ғ.Қ. Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 256 б.

12 Черников С.С.Предварительный отчет о работах Восточно-Казахстанской экспедиции ЛОИА АН СССР 1959 г. // Архив ИА КН МОН РК. (Рукопись). – 4 с.

13 Омаров Ғ.Қ. Шілікті және Шағаноба қорғандарының зерттелуінен (С.С.Черниковтың жарияланбаған 1959 жылғы архив материалдары негізінде) // «Қазақстандағы этностардың дәстүрлі мәдениетіне қатысты музей жинақтары: зерттеу мәселелері мен сақтау перспективалары» атты республикалық ғылыми-практикалық семинардың материалдары (28-29 қараша 2008 жыл). – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – Б. 82-84.

14 Черников С.С. Отчет о работах Восточно-Казахстанской экспедиции 1948 г. // Известия АН Казахской ССР. Сер. археол. – Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1951. – Вып. 3, № 108. – С. 64-81.

15 Черников С.С. Предварительный отчет о работе Восточно-Казахстанской экспедиции в 1948 г. // Архив ИА КН МОН РК. – Фонд. 11, опись 2, дело 120.

16 Байқонақов Д. Ерте темір дәуірінің кейбір мәселелері (С.С.Черников еңбектері бойынша) // Қазақ тарихы, – №1. 2008.

17 Омаров Ғ.Қ. С.С.Черниковтың Шығыс Қазақстан ерте темір дәуірін зерттеуге қосқан үлесі// Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2008.–№ 4 (51). – Б. 138-141.

18 Зинченко С.А. С.С. Черников и история изучения памятников Чиликтинской долины во второй половине XIX – начале XX века // Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 110-летию академика А. Х. Маргулана. – Алматы-Павлодар – 2014.– 529- 536 с.